

Санитарлық-эпидемиологиялық, туберкулездік, психоневрологиялық мекемелер, сот сараптамасы органдары, Қазақ республикалық лепрозорийі ұсынатын тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатудан түскен қаражатты пайдаланудың ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 мамыр N 802

Санитарлық-эпидемиологиялық, туберкулездік, психоневрологиялық мекемелер, сот сараптамасы органдары, Қазақ республикалық лепрозорийі ұсынатын тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатудан түскен қаражатты пайдалануды ретке келтіру мақсатында Қазақ Республикасының Үкіметі қаулы етеді: <*>

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.10.15. N 1055 қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Санитарлық-эпидемиологиялық, туберкулездік, психоневрологиялық мекемелер, сот сараптамасы органдары, Қазақ республикалық лепрозорийі ұсынатын тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатудан түскен қаражатты пайдаланудың ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 0 ж ы л ғ ы 2 6 м а м ы р д а ғ ы

N 8 0 2 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Санитарлық-эпидемиологиялық, туберкулездік, психоневрологиялық мекемелер, сот сараптамасы органдары, Қазақ республикалық лепрозорийі ұсынатын тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатудан түскен қаражатты пайдаланудың ережесі

1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын

санитарлық-эпидемиологиялық, туберкулездік, психоневрологиялық мекемелер, сот сараптамасы органдары, Қазақ республикалық лепрозорийі ұсынатын тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатудан түскен қаражатты пайдаланудың ережесі

1. Психоневрологиялық (емдеу-өндірістік (еңбек) шеберханалары), туберкулездік мекемелер (қосалқы шаруашылықтар), Қазақ республикалық лепрозорийі (қосалқы шаруашылық) ұсынатын тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатудан түскен қаражат мынадай тәртіппен:

жоғарыда көрсетілген мекемелерде емделудегі науқастар үшін азық-түлік тағамдарын, медикаменттерді және медициналық мақсаттағы өзге де құралдарды сатып алуға;

емдеу-өндірістік (еңбек) шеберханаларының, қосалқы шаруашылықтардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға;

емдеу-өндірістік шеберханаларында және қосалқы шаруашылықтарда жұмыс істейтін науқастарға әлеуметтік-тұрмыстық көмек көрсетуге;

психоневрологиялық мекемелердің жанындағы емдеу-өндірістік (еңбек) шеберханаларында жұмыс істейтін науқастарға сыйақылар төлеуге;

емдеу-өндірістік (еңбек) шеберханаларында және қосалқы шаруашылықтарда жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге;

емдеу-өндірістік (еңбек) шеберханаларының және қосалқы шаруашылықтардың өндірістік қызметіне байланысты шығыстарды жабуға пайдаланылады.

2. Санитарлық-эпидемиологиялық мекемелер ұсынатын, өтініштер бойынша санитарлық-эпидемиологиялық сараптама мен зертханалық зерттеулерді жүргізуден, нормативтік-техникалық және бланк өнімдерін өндіру мен дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық қызмет көрсетулерді сатудан, кәсіптік-гигиеналық даярлықты жүргізуден түскен қаражат мынадай тәртіппен:

санитарлық-эпидемиологиялық сараптамаларды, оның ішінде зертханалық зерттеулерді орындауға байланысты шығыстарды жабуға;

жабдықтарды метрологиялық қамтамасыз етуге байланысты шығыстарға;

республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станцияның нормативтік-техникалық, баспа өнімдерін өндіруге байланысты шығыстарына; <*>

кәсіптік-гигиеналық даярлықты жүргізуге, оның ішінде тартылатын сарапшылардың, оқытушылардың еңбегіне ақы төлеуге байланысты шығыстарға;

үй-жайлар мен басқа да объектілерге дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізуге байланысты шығыстарға:

санитарлық-эпидемиологиялық мекемелерді материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіруге пайдаланылады. <*>

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.15. N 1055 қаулысымен .

3. Сот сараптамасы өндірісіне, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен бағдарламаларға кірмейтін, шарттардың негізінде орындалатын ғылыми және ғылыми-әдістемелік зерттеулер жүргізуге байланысты сот сараптамасы органдары (Сот медицинасының орталығы мен оның аумақтық бөлімшелері) ұсынатын қызмет көрсетулерді сатудан түсетін қаражат мынадай тәртіппен:

сот сараптамасы органдары ғылыми және ғылыми-әдістемелік зерттеулер жүргізу арқылы өзінің өндірісіне байланысты шеккен шығыстарды жабуға;
а р т т ы р у ғ а ;

сот-медициналық сараптама органдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіруге пайдаланылады.

2. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын санитарлық-эпидемиологиялық, туберкулездік психоневрологиялық мекемелер ұсынатын тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатудан түскен қаражатты пайдаланудың ережесі

4. Психоневрологиялық мекемелер (емдеу-өндірістік (еңбек) шеберханалары), туберкулездік мекемелер мен санаторийлер (қосалқы шаруашылықтар) ұсынатын тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатудан түскен қаражат мынадай тәртіппен:

жоғарыда көрсетілген мекемелерде емделуде жүрген науқастар үшін азық-түлік тағамдарын, медикаменттер мен өзге де медициналық мақсаттағы құралдарды сатып а л у ғ а ;

емдеу-өндірістік (еңбек) шеберханаларының, қосалқы шаруашылықтардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға;

емдеу-өндірістік шеберханаларында және қосалқы шаруашылықтарда жұмыс істейтін науқастарға әлеуметтік-тұрмыстық көмек көрсетуге;

психоневрологиялық мекемелердің жанындағы емдеу-өндірістік (еңбек) шеберханаларында жұмыс істейтін науқастарға сыйақылар төлеуге;

емдеу-өндірістік (еңбек) шеберханаларында және қосалқы шаруашылықтарда жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге;

емдеу-өндірістік (еңбек) шеберханаларының және қосалқы шаруашылықтардың өндірістік қызметіне байланысты шығыстарды жабуға пайдаланылады.

5. Санитарлық-эпидемиологиялық мекемелер ұсынатын, өтініштер бойынша санитарлық-эпидемиологиялық сараптама мен зертханалық зерттеулерді жүргізуден, нормативтік-техникалық және бланк өнімдерін өндіру мен дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық қызмет көрсетулерді сатудан, кәсіптік-гигиеналық даярлықты жүргізуден түскен қаражат мынадай тәртіппен:

санитарлық-эпидемиологиялық сараптамаларды, оның ішінде зертханалық зерттеулерді орындауға байланысты шығыстарды жабуға;

жабдықтарды метрологиялық қамтамасыз етуге байланысты шығыстарға;

нормативтік-техникалық құжаттамалармен қамтамасыз етуге және бланк өнімдерін сатуға байланысты шығыстарға; < * >

үй-жайлар мен басқа да объектілерге дезинфекция, дезинсекция, дератизация

жүргізуге байланысты шығыстарға; <*>
кәсіптік-гигиеналық даярлықты жүргізуге, оның ішінде тартылатын сарапшылардың, оқытушылардың еңбегіне ақы төлеуге байланысты шығыстарға; санитарлық-эпидемиологиялық мекемелерді материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіруге. <*>

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.15. N 1055 қаулысымен .

3. Есепке алу мен есеп беру тәртібі

6. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер көрсететін ақылы қызметтердің бағаларын - заңнамада белгіленген тәртіппен азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органы, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ақылы қызметтердің бағаларын жергілікті атқарушы органдар бекітеді. <*>

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.10.15. N 1055 қаулысымен.

7. Мемлекеттік мекемелер тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатудан алатын қаражат мемлекеттік мекеменің "Ақылы қызмет көрсетулерден түскен қаражат" ағымдағы шотына есептеледі, әрі қатаң мақсатты арнаулы сала бойынша жұмсалады және оларды бөлушілер мемлекеттік мекемелердің басшылары болып табылады.

8. Тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатудан түскен қаражатты есепке алу мен есеп беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатудан түскен қаражатты жұмсау үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен шығыстардың сметасы жасалады және бекітіледі.